ZIYATKER TURAN" жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі
160000, Қазақстан Республикасы,
Шымкент қаласы, ауд. Қаратау,
Тассай т.а., 301/3 ғим.
БИН 220440036057
ziyatkerm@gmail.com
info@ztbil.kz



Товарищество с ограниченной
ответственностью
"ZIYATKER TURAN"
160000, Республика Казахстан,
город Шымкент, Каратауский
р-н, ж.м. Тассай, зд. 301/3
БИН 220440036057,
ziyatkerm@gmail.com
info@ztbil.kz

БҰЙРЫҚ
01.09.2026
№ 203 ж/қ
Шымкент қаласы

ПРИКАЗ
01.09.2026
№ 203 л/с
город Шымкент

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру туралы

ҚР Оқу-ағарту министрінің «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы 2024 жылғы 30 шілдедегі №194 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын бекіту туралы 2025 жылдың 26 мамырдағы №123 бұйрығы негізінде ***БҰЙЫРАМЫН:***

1. 2026-2027 оқу жылында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру және Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру мақсатында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы іске асырылсын.
2. 2026-2027 оқу жылында барлық мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен *(келісім бойынша)* «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру мақсатында білім алушылар арасында құқықбұзушылықтың алдын-алу жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізілсін.
3. Ұлттық құндылықтар: «Тәуелсіздік және отаншылдық», «Бірлік және ынтымақ», «Әділдік және жауапкершілік», «Заң және тәртіп», «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» және «Жасампаздық және жаңашылдық» бойынша жоспарлы тәрбие жұмыстары жүргізілсін.
4. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде әлеуметтік жобалар мен іс-шаралар арқылы құндылықтарды енгізу жобалары *(«Қамқор» ,«SMART BALA», «Еңбегі адал - жас өрен», «Ұшқыр ой алаңы», «Шабыт», «Балалар кітапханасы»)* жүзеге асырылып, тиісті деңгейде жұмыстар ұйымдастырылсын.

Жаба жетекшілері болып:
«Қамқор» жобасы – Әлайдар Н.
«Еңбегі адал - жас өрен» жобасы Алгиеев Қ
«Ұшқыр ой алаңы» жобасы-Калходжаев М.
«SMART BALA» жобасы-Амангелди А.

«Шабыт» жобасы- Отар Ә.
«Балалар кітапханасы» жобасы-Айдархан Г.

5. Мектептің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылы негізінде тәрбие міндеттерін іске асыруда «Ата-аналарға педагогикалық қолдау орталығы», «ДосболLIKE» жобалары шеңберінде іс-шаралар жоспарлы түрде жүзеге асырылсын.

6. Сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде 2026-2027 оқу жылында аталып өтілетін мерейтойлық күнтізбелік күндер назарға алынсын.

7. Құндылықтардың білім, білік және дағды түрінде ұсынылған жүйесі оқу тәрбие процесін ұйымдастыруда сынып сағаттарын жоспарлауда қолданылсын және әр сынып сағатының соңында немесе басында 10 минут көлемінде білім алушының жеке қауіпсіздігіне сабақтар өткізілсін (қауіпсіздік тақырыптары).

8. Бекітілген жылдық жоспар бойынша сабақ кестесіне сәйкес аптасына 1 (бір) рет сынып сағаттарын өткізу, жоспарын уақытылы Bilimclass.kz сайтына жариялау жауапкершілігі 1-11 сынып жетекшілеріне жүктелсін, орындамаған жағдайда шара қолданылсын.

9. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша ұлттық құндылықтар бағыттарына жетекшілік ету, іс-шаралар ұйымдастыру жауапкершілігі директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары А.К.Өтешке жүктелсін.

10. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша мектепте күнделікті үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ұлттық ойындар түрінде ұйымдастыру *(асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.),* «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуін, «Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу және «Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау іс-шаралары ұйымдастырылсын.

11. Әр аптаның дүйсенбі күні 08:15 және Мемлекеттік Әнұран орындалып, дәйексөздер арқылы құндылықтырды дәріптеу жұмыстары ұйымдастырылып, дәйексөздер ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. жерлерде орналастырылсын.

12. Сынып жетекшілерге үнемі әдістемелік көмек беріліп, тәжірибе алмасу жұмыстары жүргізілсін.

13. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша ұлттық құндылықтар бағыты негізінде сынып жетекшілердің құжаттары жылына 2 рет тексеріліп, жіберілген кемшіліктермен жұмыстар жүргізіліп отырылсын.

14. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау, ұйымдастыру жауапкершілігі директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары А.К.Өтешке жүктелсін.

14. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау, ұйымдастыру жауапкершілігі директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары А.К.Өтешке жүктелсін.
15. Бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры: **Ы.А.Жаутиков**

Орындаған: ДТІЖО А.К.Өтеш

Бұйрықпен таныстым:

01.09.26 (күні,айы,жылы)	(қолы)	Ж. Әлібеков (аты-жөні,лауазымы)
01.09.26 (күні,айы,жылы)	(қолы)	Ә. Айдарханов (аты-жөні, лауазымы)
01.09.26 (күні,айы,жылы)	(қолы)	Алиева Б (аты-жөні, лауазымы)
01.09.26 (күні,айы,жылы)	(қолы)	Калхожаев М (аты-жөні, лауазымы)
01.09.26 (күні,айы,жылы)	(қолы)	Өтеш А. (аты-жөні, лауазымы)
01.09.26 (күні,айы,жылы)	(қолы)	Ахметова Ж (аты-жөні, лауазымы)